

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JZIB1837>***А. Т. Ташекова¹, А. Ф. Зейнулина²**^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5491-2791>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7039-2375>*e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

БЕКМҰРАТ УАХАТОВ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ӘДЕБИ ТҰТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халық ақындары әрі эпикалық ақын, әрі ақын-импровизатор, дана жыршы және дастаншы ретінде қызмет атқарды. Олар өнер шебері ретінде азаматтық және саяси поэзияның дамуына үлес қосты. Халық ақындарының ұлылығы оның ақындық шеберлігінде ғана емес, сонымен бірге оның халық поэзиясындағы жаңа ағымның жаратушысы, халық ақындарының шығармашылық рухын парасатпен жандандырушы болғанында. Олардың сөздері халық үні болды, заман тынысы мен мүддесінің жыршылары болды. Халық ақындары жыршы-дастаншылардың терең эпикалық дәстүрлерін жаңа арнаға айналдырып, ежелгі қазақ суырып салма өнерінің жаңа қырларын ашты, оларға жаңа мазмұн берді.

Аталмыш мақалада әдебиеттану тарихында шығармашылықтары фольклордан бастау алатын XX ғасырдағы халық ақындарының шығармашылығы мен өздерінің өңірлік фольклорлық қазынасын және ән шырқау мақамының дәстүрін, сондай-ақ шынайы суырыпсалма ақындық өнерлерінің Бекмұрат Уахатовтың зерттелуіндегі ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылады. Қазақ даласының әр түкпіріндегі халық ақындары шығармашылығын қамти зерттеген ғалымның назарынан Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаяв, Қалқа Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Омар Шипин, Нұрқан Ахметбеков, Нұрлыбек Баймұратовтардың шығармашылықтарының ерекшеліктері туралы жазылған ғылыми тұжырымдамаларына салыстырмалы талдау жасалынады. Халық ақындарының шығармашылық көркемдік табиғатын танытудағы ғалымның ғылыми ұстанымы танытылады.

Кілтті сөздер: фольклор, халық өлеңдері, халық ақындары, фольклорлық сипат, жыршы, жырау, көркемдік ерекшелік.

Кіріспе

Бекмұрат Уахатов қазақ әдебиетінің проблемаларымен жан-жақты айналысқан ғалым болды. Ол қазақ әдебиетінің алты томдық тарихын жазысуға белсене ат салысты. Оның үш томына автор ретінде қатысып, бірінші томының екінші кітабына жауапты шығарушы болды. Сондай-ақ, ол өмірінің көп уақытын қазақ фольклорын жинастыруға, соны туындыларды жарыққа шығаруға, жинақталған фольклорлық туындыларды заман талабына сай зерттеп-саралауға бөлді. Оның тікелей қатысуы және басшылық етуімен қазақ ертегілері мен қазақ эпосының алты томдығы жарық көрді. Бұл белгілі фольклоршы ғалымның қазақ ауыз әдебиетінің ең озық, ең үздік үлгілерін жарыққа шығаруға – көптомдықты дайындауға қосқан алғашқы салмақты үлесі еді. Осы негізде ол өзінің көзі тірісінде «Ақындар жыры», «Пернедегі термелер», «Казахский фольклор», «Қазақ фольклористикасы», «Жар-жар», «Қазақ халқының тарихи жырлары», «Қазақ фольклорының типологиясы» атты жұмысдық еңбектерді шығаруды ұйымдастырды.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысының өзегі ретінде халық ақындарының шығармашылық мұрасы дәстүрлі поэзия үлгілері алынды. Атап айтқанда, ақындардың ауызша поэтикалық дәстүр аясында дүниеге келген өлеңдері, жырлары, толғаулары мен көлемді дастандары зерттеу материалдары ретінде қарастырылды. Бұл туындылар тек көркемдік құндылығымен ғана емес, сонымен қатар халқымыздың дүниетанымын, тарихи жады мен рухани болмысын танытатын айрықша фольклорлық-әдеби дереккөздер ретінде бағаланады.

Мақалада аталған шығармашылық үлгілерді ғылыми тұрғыда талдап, жан-жақты саралау үшін белгілі фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың халық ақындарының поэзиясын зерттеуге қатысты ғылыми ұстанымдары мен тұжырымдары негізге алынды. Ғалым еңбектерінде халық поэзиясының жанрлық құрылымына, тақырыптық бағытына, стильдік ерекшеліктеріне, сондай-ақ оның ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы орнын айқындауға басымдық берілген. Осы тұрғыда Бекмұрат Уахатов ұстанған әдіснамалық принциптер мен ғылыми тәсілдер, атап айтсақ, жинақтау, жүйелеу, мазмұндық-структуралық талдау, тарихи-типологиялық және салыстырмалы-тарихи әдістері бұл зерттеуде де дәйекті түрде қолданылды.

Зерттеудің мақсаты – халық ақындарының шығармашылығын Бекмұрат Уахатовтың ғылыми көзқарастары негізінде пайымдай отырып, қазақ ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің фольклорлық және әдеби сабақтастығын

көрсету. Сонымен қатар Бекмұрат Уахатов еңбектеріндегі халық ақындары шығармашылығына қатысты айтылған теориялық пайымдар қазіргі фольклортану ғылымының әдіснамалық бағытына қаншалықты ықпал еткенін айқындау мақсаты да көзделеді.

Нәтижелер және талқылау

Көшпелі қоғам мәдениетінде табан астында туып, тыңдаушысын тәнті етпеген өлеңді, мәнерін таппаған жырды өнер деп танымаған. Осындай тіршілік аясында қалыптасқан ауыз әдебиеті барлық белгілер бойынша классикалық деңгейге көтерілген. Сондықтан да қазақ халқының ауызша сөз өнері отырықшы елдердегі көп өнердің бір тармағы ретінде дамыған фольклорлық шығармашылықтан оқшауланып тұрады. Қазақтың көшпелі мәдениетінде фольклор белгілі бір әлеуметтік топтың ғана шығармашылығы емес, жалпы халықтың ханы мен қарасына, батыры мен биіне, байы мен кедейіне ортақ өнер, әмбеге тиесілі мұра болып табылды. Бұған себеп күнделікті тіршілікті өнер дәрежесіне, кез-келген құбылысты бейнелі де, бедерлі жеткізуге дала перзентінің бейім тұруында еді. Қазақ даласындағы көшпелі қоғам мәдениет пен ғылымның бірақ салаларынан кенжелеп жатқанымен, ауыз әдебиетінің таңқаларлықтай тұтас, қоғамдық дәрежеде дамуына мейлінше толық жағдай жасады.

Фольклортанушы Бекмұрат Уахатовтың зерттеуі бойынша ауызша айту фольклордың тек қана шығарылу, таралу жолы емес, бүкіл қоғам тарапынан қолдау тапқан өнердің басты шарты дей келе, үлкен де, кіші де ауызша өнер дәстүріне дағдыланатынын айтады. Жасынан санасына сіңіріп, соны ғана естіп өскен орта ауызша өнер мектебі арқылы дамиды. Бұл ретте ауыз әдебиетінің көтерген жүгі де орасан зор екенін де білеміз.

Халықтың тарихи зердесі, философиялық ой түйіндері, педагогикалық тәжірибесі, адамгершілік нормалары, кәсіптік әдебиетке тән көркемдік сұраныстары, театрлық өнерге тиесілі есесі ауыз әдебиетіне жүктеледі. Іс жүзінде оның араласпайтын саласы қалған жоқ. Шілдеханадан бастап, рулар арасындағы дау-дамайға, бесік жырынан бастап жоқтауға, ем-домнан бастап лирикалық өлеңдерге, ырым-түсініктерден бастап қоғамдық дүниетанымдық аңыз-әңгімелерге, мифтік сенімдерден бастап қоғамдық ой-пікірлерге дейінгінің бәрі де фольклорда тоғысты. Сондықтан да ол қай аманда да белгілі бір топтың немесе таптың ғана мұрасы болған жоқ. Бұған өткен қоғамдарда қазақ ауыз әдебиеті туралы пікір білдірген зерттеушілердің әр түрлі мамандық иелері болуы да дәлел бола алады. Олар өздеріне қажет елдердің тарихы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, мінез-сипаты, дүниетанымы, моральдық-этикалық нормалары, заңдары, діні, дәрігерлік тәжірибесі, қару-ажар, киім-кешек, жер-су, мекен, тау-тас, көл, өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтерді алдымен осы фольклордан тапқан.

Фольклор – халық мұрасы, ұлттық өнер және ол сол халықтың әлеуметтік тағдырымен, өткен-кеткен тарихымен. шаруашылық бейімділігімен (отырықшы, көшпелі) тығыз байланысты [1]. Осыған лайық ауыз әдебиетінің әр халықтың тарихындағы көтерген жүгі мен даму сипаты да бірдей дәрежеде болған емес. Себебі ол барлық дәуірлерде, барлық аймақтарда, барлық халықтарда бірдей жүк арқаламаған. Оның да пайда болған, дамыған, шарықтап шалқыған, бәсеңдеген, бір жанрдың ұмытылып екіншісінің дүниеге келген кездері бар. Және бұл құбылыстар қоғам құрылымымен, жазу-сызу мәдениетімен, ғылым-білімнің салаланып дамуымен, өнердің түр-түрлерінің жіктеліп даралануымен, шаруашылық бейімділігінің өзгеруімен тығыз байланысты. Демек, фольклордың сипаты мен даму дәрежесі, атқаратын қызметі уақыт пен кеңістіктен, мезгіл мен мекеннен тыс тұрған құбылыс емес.

Көшпелі тіршілікті бастан кешіріп жатқан қазақ даласында болған зерттеушілердің, ғалымдардың, саяхатшылардың өздері бұрын Еуропада көрмеген жаппай әншілік, жыршылық, жыраулық, ақындық, өлеңшілік, шешендік, әңгімешілік өнерден нәр алып жатқан ұшан-теңіз ауызша байлыққа таңданып та, қызығып та қарағанын сол кездегі қолжазбалар, күнделіктер, зерттеулер, мақалалар, хаттар, экспедиция материалдары, жолжазбалар, ресми және ресми емес іс қағаздары жан-жақты растайды.

Бұл ретте Бекмұрат Уахатов жетекшілігімен 1952 жылдан бастап жиналған ауыз әдебиетінің үлгілері Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде іріктеліп зерттеу айналымына түседі. Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1961 жылы «Халық ақындары шығармаларының» екі томдығын әзірлейді. Кітап жоғарыда көрсетілген мекемелердің жинаған қолжазба қорынан алып құрастырылады. Бірінші томда жетпіс шақты ақынның өлең - толғаулары, екінші томда поэмалары мен айтыстары жинақталады. Жинаққа кіріспе, ақындардың өмірі туралы мәліметтер және суреттері беріледі.

Қазақ ауыз әдебиетінің қуатты қайнар көзі ауызша жырлаудың небір саңлақтарын дүниеге әкелді. Есімі тарихтан белгілі сонау XIV–XV ғасырлардағы Сыпыра жырау, Асан қайғыдан бастап кешегі Жамбыл, Нұрпейіс, бүгінгі халық ақындарына дейінгі аралықта ауызша жырлаған ақын, жырау легінің даңқы қазақ мәдениетінің тарихында біржола орын тепті [2]. Бұл іс жүзінде халықтың фольклорлық мұраның ауызша даралық кәсіптік өнерге дейінгі жүріп өткен жолы еді. Авторлық ауызша әдеби мұраны ауыз әдебиетінің қатарына қоспағанымызбен, оның төл тарихы содан басталатындығына ешбір күмән жоқ [3]. Қазақ фольклоры біздің заманымызда өткен қоғамдардағыдай дамудың қайнар көзінде, өсіп-өркендеудің ең биік сатысында тұрмағанымен қазір де ұлан-ғайыр әлеуметтік

жүк арқалауда. Ұлттың рухани болмысын, мінез-сипатын, тұрмыс-тіршілік тынысын әлі сол фольклор арқылы айна қатесіз танимыз. Еліміздің тәрбиелік, эстетикалық, адамгершілік мұраттарының айқын айғағы, рухани өлшемі де сол фольклордан бастау алады.

Осы ретте Бекмұрат Уахатов халық ақындарының шығармашылық өнер жолының бастауы фольклордан бастау алатынын дәлеледеп, хронологиялық кестесін зерделеп шығады. Халық ақындарының шығармаларын жинау, жарыққа шығару және зерттеу жұмыстары Қазан революциясының алғашқы күндерінен бастау алатынын көрсетеді.

1920 жылы ССРО Халық Комиссариатының қаулысы бойынша ұйымдасқан Қырғыз (қазақ) Оқу Халық Комиссариаты, Академиялық орталық коллегия, Қырғыздың ғылыми комиссиясы, Аймақты зерттеу қоғамы, Орталық аймақ тану бюросы деген мекемелер жас республиканың мәдени жұмыстарын басқарды. Олар 1920–1922 жылдардың өзінде ақ қазақ ауыз әдебиетін жинау, оны бастырып шығару жұмыстарына көңіл бөледі.

1920 жылдары Жетісу өлкесіне, Сырдария маңына экспедициялар шығарып, көптеген материалдар жинады. Экспедицияны көрнекті ғалым Әубәкір Диваев басқарды. Олар Кенен Әзірбаевтың, Өмірзақ Қарғабаевтың тағы да басқа авторлардың кеңес тақырыбына арналған өлеңдерін жазып алды. Сол жылдары жоғарыда аты аталған ұйымдардың тапсыруымен мұғалім Шамғали Сарыбаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Тұрманжан Өтебаев секілді жазушылар да ауыз әдебиеті материалдарын жинады [4].

1935 жылғы экспедицияның материалдары негізінде «Қазақ совет фольклоры» жарық көрді. Мұның редакциясын басқарған Сәрсен Аманжолов болды. Жинаққа Саяділ Керімбековтың «Өшкен-жанды» поэмасы, Қуаныш Баймағамбетовтың «Арнау» атты толғауы кірген. Ғалым Бекмұрат Уахатов бұл жерде бірқатар өлеңдердің авторы белгісіз екенін айта келіп, қамтылатын тақырыптар: әйел теңдігі, жер бөлісі, ерікті қойшы, т.б. болғанын анықтайды. Сонымен қатар кітапқа «Фольклор туралы» деген алғы сөз жазылған. Онда ол көп асыл сөз мұралары әлі ғылыми зерттеу орындарына жете алмай, әдебиетшілер, тарихшылар ортасына түсе алмай, елдің алыстағы түкпірінде жатқандығын айтады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті есте жоқ ескі заманда туып, күні бүгінге дейін ұмытылмай, жаңарып, жаңғырығып келеді. Ол халықтың ғасырлар бойы басынан кешкен ауыр азабы мен арманын, қуанышы мен қайғысын, қысқасы бүкіл тірлік тынысын танытатын кәрі құлақ шежіресі іспетті. Бұдан әр елдің азаттық жолындағы ерлік күресін, тарихын, әдет ғұрып салтын танып білуге болады. Бұл ретте Бекмұрат Уахатов ғасырлар бойы халықтың қоғамдық рухани өмірімен біте қайнасқан қайнар бұлақ

көзі сарқылмас дариядай халық әдебиетінің асыл қазынасын, ақындық өнерін жаттап келген Жамбыл халық поэзиясының сол жақсы дәстүрлерін социалистік реализм әдісімен дамытқан алыптарымыздың бірі болғаны жөнінде пікір білдіреді. Сонымен қатар Жамбыл ақынның халық өлеңдерін дамытудағы үлесін айта келіп, «Правда» газетінің Жамбыл поэзиясына берген сипаттамасын келтіреді: «...Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жалынды, қуатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүрегін тербейді, социализм жолындағы күреске шақырады. Қазақстанның даңқты ақынының теңсіз лиризмге толы, ұмытылмастай образдарға бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, біздің дәуіріміздің ілгерілеген қимылын аңғарады, көркем сипатталған өз өмір, өзінің асыл ойын, көңіл күйін көреді...».

Әрине, халық ақындарының совет дәуірінде гүлденіп дамуына байланысты ғылымдық маңызы зор мәселелер ұшан-теңіз. Шындап келгенде халық поэзиясында ақындық стиль, дәстүр мәселелері, олардың тіл шеберліктері, бұрынғы эпостық дәстүрден жаңа эпикалы шығармалар жасаудың заңдылықтары, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің бір бірімен байланысы тағы басқа күрделі мәселелер бүгінде ғылымдық дәрежеге көтеріліп және бүгінгі заман идеологиясына қарай бейімделіп қарастыруды қажет етеді. Демек, қазіргі халық ақындарының творчествосына байланысты түйінді мәселелер кең зерттеуді керек етеді.

Осы ретте Әдебиет және өнер институтының халық ақындарымен байланысын айрықша атап өткен жөн. Бұл байланыс, біздіңше, мына секілді екі жүйеде жүргендігі байқалады. Бірінші – халық ақындары қандай тақырыпта, қандай жанра айтса да әдебиет және өнер институты ұжымы соның бәріне де жаны аши қарап, жәрдемдесіп, жазып алып отыратындығында. Бұл жағынан алғанда халық ақындары біздің ең бай, асыл қазынамызды сақтаушы қоймамыз тәрізді. Бұлардың бізге беріп жатқан рухани құндылығында да өлшеу жоқ. Олар бізге тарихтан да, әдебиеттен де, заң, жоба, әдет-ғұрып салттан да соншалық мол, соншалық бағалы материал берді. Екінші – біздің қолымызға түсіп, қорымызда сақталған қисапсыз мол дүниені жеке-жеке жинақ етіп бастырғанын білеміз. Бұған дәлел ретінде «Қозы Көрпештің», «Қамбар» мен «Алпамыстың» академиялық баспаларын атап өтсек те жеткілікті. Мұның үстіне «Қазақ ертегілері» мен «Қазақ эпосының» екінші кітабы да баспадан шықты. Ал Әдебиет және өнер институты дайындаған халық ақындарының екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы өз алдына бір төбе. Жинақтың көлемі 50 баспа табақ та, оған кірген ақындардың саны 100-ге жуық. Ақиқатына келгенде мұның өзі Қазақстандағы халық ақындарының шығармаларына арналған антология болды. Бұл кітап 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі

М. Өуезовтың басқаруымен шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» (Бірінші том, Бірінші кітап) жалғасы болды.

Ақындық дәстүр – бұрынғы өткен ақындардың өнерпаздық үлгісін сол күйінде өзгертпей қайталау деген сөз емес, сол жақсы дәстүрді әрбір талант иесі жаңа мазмұнда өзіндік ақындық үлгі өнермен дамыту деген сөз деп қабылдауымыз керек. Бұл жөнінде фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов халық ақындарының үлкен тобы Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаев, Қалқа Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Омар Шипин, Нұрқан Ахметбеков, Нұрлыбек Баймұратовтардың т.б. біріне-бірі ұқсамайтын өзіндік ақындық үлгілерін танытып, халық шығармашылығының көркемдік табиғатына зер салады [5]. Кенен Әзірбаевтың ән-күйге толы лирикалы өлеңдері, Нұрлыбек Баймұратов пен Нұрқан Ахметбековтің жазба әдебиетпен байланысты ақындық шеберліктері, Омар Шипин мен Үмбетәлі Кәрібаевтың колхоз, совхоз өміріне арналған өлең-жыр, толғаулары – барлығы да әр ақынның өзіндік өнер үлгілеріне жанрлық және поэтикалық тұрғыда зерттеу жүргізеді. отыр. Ал енді ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның творчестволық қатысы өз алдына бір пара әңгіме.

Ауыз әдебиетінің дәстүрі бүгінгі жазба ақындарға халықтың ғасырлар бойғы ең асыл, ең өткір сөз сандығын сарқып пайдалануға мүмкіндік беретін болса, жазба поэзия қарт ақындардың идеялық, творчестволық өсіп жетілуіне, жаңа ақындық өнерді өрге көтеруге кең жол ашады. Абай арқылы ұлы орыс әдебиетінің творчестволық әсерін жете қабылдаған Иса, Төлеу, Нұрқан, Сапарғали, Қуат сияқты жүйріктердің өлең-жырлары ақындық өнердің әр алуан үлгісімен жазылған. Қуаттың «Алатау», «Жаз көркі», Төлеудің «Менің өмірім», «Кұлаш жайған кең дала», Сапарғалидың «Жылқышыларға» атты өлең, дастандары — терең идеялық ойды берумен қатар, кейіпкердің ішкі сезім күйін де шебер көрсететін сырлы да суретті поэзия [5]. Сынсыз, тәрбиесіз талант өсіп, жетілмейді. Бекмұрат Уахатов бұл ақындардың өлеңдерінің табиғатын зерделегенде халық ақындары өздерінің өлең-жырларындағы идеялық-көркемдік кемшіліктерді әрқашан да жазба поэзияның жақсы үлгілерін үйрене жүріп, сонымен бірге олар өздерінің күрделі дастан, толғауларын жазушы ақындардың күнбе-күнгі ақыл кеңесінен өткізіп, солардың айтқан әділ сынын саралап отыратынын байқатады.

Бекмұрат Уахатов халық поэзиясы үздіксіз дамып отыратын процесс екенін айта келіп, ақындардың өздері де сол халық творчасының ұшан теңіз тіл байлығынан, тамаша тапқыр шешендігінен, әр алуан жыр сарындарынан үздіксіз үйреніп отыратынын айта кетеді. Ғалым Мұхтар Өуезов пен Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев пен Тайыр Жароков секілді белгілі ақын-жазушыларымыз да өз шығармашылықтарының бастауын фольклордан

алғаны баршаға аян. Мұны драматургия саласындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Алдар көсе» пьесаларының жазылу тәжірибесінен жақсы көрінетінін сөз етеді. Осы секілді поэзия саласындағы Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер», «Күйші», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» атты поэмаларының тууына түрткі болған халықтық мотив екені мәлім. Табанда тақпақтап сөз, тайпалма жыр шығарып жаттыққан Жанақ, Орымбай, Марабай, Сүйімбай, Шөже, Біржандар бір кездегі ұлы Абай, Ыбырайлармен қатар өмір сүріп, өнер танытты. Совет тұсында Сәкен, Ілиястармен иық тіресіп, Жамбыл, Иса, Нұрпейіс, Шашубайлар жүрді.

Ал Кенен, Әбділдә, Ғали, Сәттіғұл, Асқар, Омар, Үмбетәлі, Тайырлар туралы да ғалым осы пікірде болып, аталмыш ақындардың өз замандарында бір-біріне қол байлау болмай, қайта әр ақынның, мейлі ол халық поэзиясының өкілі болсын, мейлі жазба поэзиямыздың өкілі болсын, бәрібір, әрқайсысының әдебиеттегі өз орыны, өзіндік өнер үлгісі бар болғанын айрықша айтады. Әр ақын өз жыры, өз үні, өз жанрымен жақсы. Халық ақындарының ішінде хат танып, өз бетімен оқып өз өлеңін өзі ұқыпты түрде жазып отыратындарының шығармалары идеялық көркемдік жағынан жинақы, жатық келеді.

Бұл ретте Бекмұрат Уахатов ақын-жыршыларды үш топқа бөледі. Бірінші топ – хат танымайтын немесе шала сауатты, күнделік өмір жаңалығын, жазба әдебиет үлгісін басқаға оқытып, не ауызша, не радиодан естіп білуші ақындар. Бұлар – Кенен, Қалқа, Халима, Үмбетәлі, Сәттіғұл, Есдәулет, Темірғали, Ержан т.б. Екінші топ – хат танитын, күнделік өмір шындығын өз бетімен оқып отыратын, бірақ, жазба әдебиет үлгісін әлі де болса терең меңгеріп, ұғынып болмаған ақындар – Әбдіғали, Қуаныш, Иманжан, Қөшен, Белгібай т.б. Үшінші топ – хат танитын, қазіргі өмір жаңалығын да, жазба әдебиет үлгісін де өз бетімен оқып, меңгеріп отыратын Ғабдіман, Нұрқан, Нұрлыбек, Сәт сияқты ақын-жыршылар. Бұл тұрғыда ғалым идеялық творчестволық бағыты бір болғанымен ақындық шеберлік, өткен дәстүрге өзінің өнер жаңалығын жымдастыру жағынан бұлардың өзара толып жатқан айырмашылықтары бар екенін де айтып кетеді [5].

Аталған үш топтың әрқайсысына тән анық, айқын сипаттары бар. Бірінші топты айтпағанның өзінде, екінші топтағы ақындар өмір шындығын негізінде өткен әдебиет дәстүріне жаңа әдебиет өнерін қосып отырып жырлайды. Бірақ, бұл жай әлі де болса жымдасып кетпеген, ала-құла болып келеді де ақындардың шығармаларында бірыңғай қалыптасқан, анық көркемдік принцип аңғарылмайды. Үшінші топтағы ақындар ауыз әдебиетінің ең тәуір деген дәстүрін дамыта отырып, жазба поэзияның жаңа үлгісімен жырлауға тырысады.

Әрине, осы үш топтағы ақындардың қай-қайсысына да болсын жазба әдебиеттің идеялық, көркемдік әсері үнемі қуатты болып келгендігін ұмытуға болмайды. Тек ол әсер бірқатар ақындарда айқын сезілсе, енді бірқатарында босаң байқалады. Ақын жыршыларды жаңағыдай үш топқа жіктеу, әрине түпкілікті емес. Ақындардың шығармалары зерттеле келе, мұндай жіктеудің саны не молаюы, не азаюы ықтимал. Біздің пайымдауымызша, негізінде, әзір осы үш топты байқатып отыр. Бұл жіктеу сонымен бірге әрбір ақын жыршының өзіндік өнер ерекшелігін жоққа шығармайды. Қайта осы топтау негізінде әрбір ақынның творчестволық табысын танып білуімізге мүмкіндік туатын тәрізді [6].

Қазақ совет фольклорының даму тарихындағы ендігі бір басты ерекшелік халық ақындарының өлең-жырлары сапа жағынан да өсіп, халық поэзиясында үлкен эпикалық жырлар жасалып, қалыптаса бастағандығы. Бірақ эпикалық шығармалардың бәрі бірдей поэма болуы шарт емес. Ерлік күрестік, жеңімпаздық даңқтың лебі, сарын-күйі шағын толғау, жырларда да айқын аңғарылады. Тіпті әрбір күшті, алмастай өткір ақындық сөздің өзінен де ерлік күрестің лебі есіп тұрады. Бұл турасында Бекмұрат Уахатов эпикалық поэзияның негізі – көлемді жыр, дастандар, сюжетті поэмаларды жанрлық генезисіне қарай жіктей келе, эпикалық жырлардың даму процесінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Мәселен, ғалым қазіргі эпостың екі типі бар екенін айта келіп, бірі – ескілікті жырларға қайта оралып, оны жаңғырта, жаңарта жырлау әдісі деп көрсетіп, оларға Нұрпейіс, Мұрын, Рахмет, Айса, Әбдірайым сияқты ақын-жыраулар бұрынғы батырлық дастандардың ұшан-теңіз мол саласын кең көлемде дамытып бергендігін атап өтсек те болады, – деген тұжырымдама жасайды. Ал екіншісіне кеңес дәуірінің мүддесін жырлаған, халықтың ұлы ерлігін жаңа эпикалық жыр дәрежесіне жеткізе жырлау үлгісін жасаған халық ақындарының шығармашылығын жатқызады [7]. Бірақ, қазіргі әр алуан тақырыптық, жанрлық ерекшелікпен, ақындық үнмен жырланып, таралған эпикалық поэмалар совет адамдарының асқан ұлы ерліктерін, батырлық бейнелерін кең қамтып суреттеген күрделі эпикалық жыр дәрежесіне жете қойған жоқ деген сын пікірін де білдіреді. Тек сол зор эпикалық шығармалардың топталу, ұлғаю, жетілу процестерінің жүріп жатқандығын байқатады.

Жаңа эпикалық шығармалар, сөз жоқ, бұрынғы батырлық жырлардың, тарихи аңыз әңгімелер мен жыр сарындарының ең жақсы үздік дәстүрлерін пайдалану негізінде туып дамыды. Мұның жақсы үлгілерін Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр»; Нұрпейістің «Ақкенже», «Ер туралы жыр», «Жиырма бес»; Исаның «Алтай аясында», «Ақбөпе», «Он бір күн, он бір түн», Саяділдің «Бес мылтық», «Өшкен жанды», Қененнің «Әли батыр»; Нұрқан Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны», «Аманкелді», Ғабдіман

Игенсартовтың «Лавадағы өмір» атты дастандарының шығармашылық тәжірибесінен анық көреміз [6].

Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың халық ақындарының шығармашылығын зерттегенде ақындар айтысы туралы ерекше тоқталады. Ғалым ақындар айтысы халық поэзиясында ертеден сақталып келе жатқан аса маңызды өнердің бір үлгісі ретінде қарастырып, қазақ ақындарының айтқыштық, суырып салмалық өнерінің дамыған түрі, драмалық элементі мол, басқа елдер әдебиетінде сиреккездесетін ерекше бір жанр екеніне көңіл бөлдіртеді.

XIX ғасыр қазақ әдебиетінде айтыс өнерінің кең дамыған дәуірі болды. Бұл тұста айтыс дәстүрін, айтыс мектебін жасаған Орынбай, Шөже, Кеншінбай, Түбек, Жанақ, Ақан сері, Біржан, Сара, Ақсұлу, Әсет, Ырысжан, Сүйімбай, Майкөт, Майлықожа т. б. көптеген ақындар қызмет еткені белгілі. Сол айтыс өнері кеңес дәуірінде жаңа мазмұн, жаңа көркемдік сапа алып, дамып, социалистік жарыс пен өзара сынды өрістетудің ең қолайлы, ең бір оралымды құралына айналғанын көрсетеді. Ғалым XX ғасырдың бірінші жартысының соңын ала айтыс өнеріне атсалысқан, Жамбыл үрдісіндегі халық ақындарына Нұрпейіс Байғанин, Омар Шипин, Кенен Әзірбаев, Жақсыбай Жантөбетов, Қалихан Алтынбаев, Естай Беркімбайұлы, Саяділ Керімбеков, Болман Қожабайұлы, Айманкүл Тәжібаева, Қайып Айнабеков, Көшен Елеуов, Маясары Жапақов, Нұрлыбек Баймұратов, Нұрхан Ахметбеков, Сәттігүл Жанғабылұлы, Үмбетәлі Кәрібаев, Сәт Есенбаев, Төлеу Көбдіков, Ғабдыман Игенсартов, Доскей Әлімбаев, Нартай Бекежанов, Шашубай Қошқарбаев, Қазанғап Байболов, Орынбай Тайманов, Әлібек Байкенов, Қалқа Жапсарбаев, Иманжан Жылқайдаров, Есдәулет Қандеков, Рахмет Мәзқожаев, Әбділда Жүргенбаев, Құлжабай Төлеуов, Өмірзақ Қарғабаев т.б. жатқыза отырып, олардың көбінің айтыс ақындығынан өзге жазба ақындығы, жыршылығы, термешілігі, сырнайшылығы т.б. өнерлері бар тума таланттардың өмірі мен шығармашылығы туралы антологиялық зерттеу жасайды. Сол кезеңдегі республиканың колхоздары мен совхоздарында, аудандары мен облыстарында ақындардың әр сала айтыстары туралы жазып, бұдан былайғы жерде біз домбырамен қолма-қол суырып салып жырлайтын айтыс өнерін барынша қолдап, қошеметтеп, жетіле беруіне жағдай жасайық деген пікірін де кездестіреміз.

Халық ақындарының шығармаларының тілі, ақынның сөз өрнегі мен сөз саптауы – заманның айнасы, ұлтымыздың келбеті, жеріміздің тарихы. Халықтың ерлік дәстүрін жырлау идеясы көнеден жалғасқан көркемдік дәстүр үлгісі ретінде ақындардың айтыстары мен жырларынан жиі көрініп, жаңашылдық сипатпен дамыды. Фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов халық ақындарының шығармаларында әзілмен шымшып алар

ашы мысқыл да, өлеңмен тұқырту да, қарсыласын еріксіз жеңіліске тап қылатын тапқырлық пен шешендік те көркем түрде кездесетінін барынша танытуға тырысқан. Олардың отты сөздері халық рухымен, мұңымен, салт-дәстүрімен, тарихымен, дүниетанымымен бірге сіңісіп кеткен ұлт мұрасы екеніне айрықша баға береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP22683553 – Бекмұрат Уахатовтың фольклортанушылық қызметі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Бекмұрат Уахатов өз дәуіріндегі халықтың бойындағы не түрлі асыл таланттар, ақық маржандар әр алуан гүлдің көркіндей өз өнерімен жетіліп, жарастық табуына толық жағдай жасалуы керектігін айта келіп, қоғам болып қалың еңбек адамдарының ортасындағы халық таланттарын, олардың туындыларын, өнер үлгілерін ұлт игілігіне жаратуға барынша қамқорлық, көмек көрсетуіміз керектігін айтады.

Қазіргі уақытта халық ақындарының дәстүрлі өлең-жырларымен қатар, ел ішінен, өз ортасынан шыққан өнерпаздардың шығармалары да жұртшылық жүрегінен жол тауып отыр. Аталы сөз, мағыналы өлең, кестелі жырларды жинап, көркемдігін зерделеуде, оған ғылыми тұжырымдама жасаған Бекмұрат Уахатовтың нысаналы, сүбелі еңбегі бүгінгі фольклортану ғылымына қосылған зор үлес деп білуіміз керек.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары [Мәтін]. – Алматы, 1959. – 229 б.
- 2 **Уахатов, Б.** Қазақтың халық өлеңдері [Мәтін]. – Алматы, 1974. – 386 б.
- 3 **Уахатов, Б.** Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы [Мәтін]. – Алматы, 1983. – 158 б.
- 4 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ әдебиеті [Мәтін]. – Алматы, 1969. – 22 б.
- 5 Ақындар жыры. Қазіргі халық поэзиясы [Мәтін] / редакциялық коллегия : М. Базарбаев, А. Жұбанов, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, О. Нұрмағамбетова, Б. Уахатов. – Қазақ ССР Ғылым академиясы; М. О. Әуезов ат. әдебиет және өнер институты; Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 234 б.
- 6 **Tasheкова, A., Zhussupov, N., Zeinulina, A., Rustemova, Z., & Kadyrova, B.** (2025). Artistic and Linguistic Features of Turmys-Salt Jyrlary in the Works of Bekmurat Uakhatov [Text] // Forum for Linguistic Studies. – 7(2). – P. 477–486. – <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8116>

7 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

8 **Радичев, А. Н.** Избранные сочинения [Текст]. – М., 1952. – с. 63.

9 **Phalandwa, A. M.** The role of indigenous weddings songs in modern times. – <https://doi.org/10.1080/18125980.2013.805968>

10 **Sherbekova, G. Y.** Artistic description of the bride and groom in the wedding songs. – <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/VFC5K>

References

1 **Auezov, M.** Ar zhy'ldar ojlyry' [Thoughts of different years] [Text]. – Almaty', 1959. – 229 p.

2 **Uahatov, B.** KazaKty'n haly'k olenderi [Kazakh folk poems] [Text]. – Almaty', 1974. – 386 p.

3 **Uahatov, B.** Kazakty'n turmy's-salt zhy'rlyry'ny'n tipologiyasy' [Typology of Kazakh folk songs] [Text]. – Almaty', 1983. – 158 p.

4 **Zhumaliev, K.** Kazak adebiety [Kazakh literature] [Text]. – Almaty', 1969. – 22 p.

5 Akyndar zhyry. Kazirgi khalyk poeziyasy [Song of poets. Modern folk poetry] [Text] / redaksialyk kollegiya: M. Bazarbaev, A. Zhubanov, M. Karataev, E. Ysmaiylov, O. Nurmagambetova, B. Uakhatov. – Kazak SSR Gylym akademiya; M. O. Auezov at. adebiy zhane oner instituty; Kazak SSR Gylym akademiya synyn baspasy, 1963. – 234 p.

6 **Tashekova, A., Zhussupov, N., Zeinulina, A., Rustemova, Z., & Kadyrova, B.** (2025). Artistic and Linguistic Features of Turmys-Salt Jyrlary in the Works of Bekmurat Uakhatov [Text] // Forum for Linguistic Studies. – 7(2). – 477–486 p. – <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8116>

7 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

8 **Radishhev, A. N.** Izbranny'e sochineniya [Selected writings] [Text]. – Moscow, 1952. – p. 63.

9 **Phalandwa, A. M.** The role of indigenous weddings songs in modern times – <https://doi.org/10.1080/18125980.2013.805968>

10 **Sherbekova, G. Y.** Artistic description of the bride and groom in the wedding songs. – <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/VFC5K>

11.03.25 ж. баспаға түсті.

15.06.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Т. Ташекова¹, А. Ф. Зейнулина²^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 11.03.25.

Поступило с исправлениями 15.06.25.

Принято в печать 25.08.25.

О ТВОРЧЕСТВЕ НАРОДНЫХ ПОЭТОВ В ИССЛЕДОВАНИЯХ БЕКМУРАТА УАХАТОВА

Народные поэты выступали одновременно в роли эпических поэтов и импровизаторов, мудрых поэтов и сказителей. Будучи мастерами своего дела, они внесли вклад в развитие гражданской и политической поэзии. Величие народных поэтов заключается не только в их поэтическом мастерстве, но и в их способности создать новое направление в народной поэзии, мудростью возродить творческий дух народных поэтов. Их слова были голосом народа, они были поэтами духа и интересов своего времени. Народные поэты направили глубокие эпические традиции поэтов и дастанов в новое русло, открыли новые грани древнего казахского искусства импровизации, придали им новое содержание.

В статье рассматривается творчество народных поэтов XX века, чье творчество берет начало в фольклоре, их региональная фольклорная сокровищница и традиция пения, а также особенности изучения Бекмуратом Уахатовым подлинного и искусственного поэтического искусства в истории литературоведения. Сравнительный анализ научных концепций, написанных об особенностях творчества Кенена Азирбаева, Болмана Кожабаяева, Калки Жапсарбаева, Умбетали Карибаева, Омара Шипина, Нуркана Ахметбекова, Нурлыбека Баймуратова будет проведен с позиции ученого, всесторонне изучившего творчество народных поэтов всех уголков казахской степи. Представлен научный подход ученого к раскрытию творческой и художественной сущности народных поэтов.

Ключевые слова: фольклор, народные поэмы, народные поэты, фольклорный персонаж, поэт, жырау, художественная самобытность.

*A. T. Tashekova¹, A. F. Zeinulina²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 11.03.25.

Received in revised form 15.06.25.

Accepted for publication 25.08.25.

ON THE CREATIVITY OF FOLK POETS IN THE RESEARCH OF BEKMURAT UAKHATOV

Folk poets served as both epic poets and poet-improvisers, wise poets and dastanists. As masters of art, they contributed to the development of civil and political poetry. The greatness of folk poets lies not only in their poetic skill, but also in their ability to create a new trend in folk poetry, to revive the creative spirit of folk poets with reason. Their words were the voice of the people, they were poets of the breath and interests of the time. Folk poets turned the deep epic traditions of poets-dastanists into a new channel, opened new facets of the ancient Kazakh art of abstraction, and gave them new content.

The article deals with the issue of the creativity of folk poets of the 20th century, whose creativity originates from folklore in the history of literary studies, their regional folklore treasury and the tradition of singing, as well as the features of authentic poetic art in the study of Bekmurat Uakhatov. From the perspective of a scientist who has comprehensively studied the creativity of folk poets from different parts of the Kazakh steppe, a comparative analysis is made of the scientific concepts written about the features of the creativity of Kenen Azirbayev, Bolman Kozhabayev, Kalka Zhapsarbayev, Umbetali Karibayev, Omar Shipin, Nurkan Akhmetbekov, Nurlybek Baimuratov. The scientific position of the scientist in revealing the creative artistic nature of folk poets is presented.

Keywords: folklore, folk poems, folk poets, folklore character, zyrsh, zyrtau, artistic uniqueness.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz